АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘСЛИХАТЫ

МАСЛИХАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

28.11.2025 жылы

№ 262

Алматы қаласы

город Алматы

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 183 «Алматы қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 183 «Алматы қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Алматы қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 2 253 926 897,2 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2 012 384 974,9 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 65 946 382,2 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 8 498 410,1 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 167 097 130 мың теңге;

2) шығындар – 2 220 710 990,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 47 467 675 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 56 873 392 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 59 523 392 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 71 125 160,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 71 125 160,4 мың теңге.»;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 27 540 108 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Қорғаныс шығындары 26 958 389 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бойынша шығындар 50 480 206 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«9. Білім беру шығындары 635 515 772 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«10. Денсаулық сақтау шығындары 89 414 475 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 69 655 202 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 512 458 258 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік 102 167 679 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 21 467 265 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың, қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 44 206 491 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 7 365 821 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«17. Көлік және коммуникация шығындары 339 151 106 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«18. Басқа да шығындар 136 642 712 мың теңге сомасында бекітілсін.»;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы
мәслихатының төрағасы **М. Отыншиев**